Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

19 қыркүйек сейсенбі
№74 (1981)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

БҰЛ ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда алдағы міндеттер мен өзекті мәселелерге тоқталды. Өзекті мәселенің бірі – судың тасылығы. «Судың да сұрауы бар» демекші, суды барынша үнемдеуіміз керек. Су дегеніміз– үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс, сусыз шаруалардың күні қаран. Сол себепті су саласында заңсыздыққа жол берілмейтіндігін және талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылатынын ескертті. Сонымен қатар су үнемдейтін технологияларды енгізу маңызды міндеттің бірі екенін жеткізді.

СУДЫ ДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

Жолдауда айтылғандай, Қазақстандағы су ресурстарының басқару бағдарламасы қалай жүзеге асатынын және суды үнемдеуде не істеу керектігін су саласының маманы, қалалық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетов айтты.

– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында республикадағы сушы мамандардың көп жылғы арманына айналған «Су ресурстары және ирригация» министрлігін құру жөнінде тапсырма беріліп, ол құрылды. Бұл кезеңге дейін су шаруашылығы саласының өзекті мәселелері басқа да экология, табиғи ресурстар, геология сынды салалармен бірге бір ғана министрліктің жауапкершілігінде болды.

Ендігі кезекте жаңа министрліктің құрылуы әсерінен су шаруашылығы саласына ерекше көңіл бөлінеді деп күтілуде.

Сондай-ақ жаңа министрліктің құрылуы негізінде өңірлерден ұсынылатын жобаларды жеделдетіп қарауға, тиісті қаражатты уақытылы алуға үлкен мүмкіндік береді.

3 БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДА АЛҒАШҚЫ ҮШТІКТЕ

НӘТИЖЕНІ ХАЛЫҚ ҚАЗІР КӨРУІ ТИІС

Премьер-министр Әлихан Смайылов-тың төрағалығымен инвестициялық штаб отырысы өтті. Жиында биылғы 8 айда негізгі капиталға тартылған инвестиция индикаторының орындалуы және инвестиция тарту, инвестициялық жобаларды іске асыру барысы талқыланды.

Үкімет басшысының баспасөз қызметінің ақпаратында Әлихан Смайылов инвестиция тартудағы кемшіліктерге қатысты мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің жұмысын сынға алғаны айтылған.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров есепті кезеңде негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 9,6 трлн теңгені құрағанын, бұл өткен жылдың қаңтар-тамыз айларына қарағанда 12,2%-ға артық екенін баяндады. Оның айтуынша, қаражаттың басым бөлігі тау-кен өнеркәсібіне, жылжымайтын мүлік секторына, көлік және қоймалауға, өңдеу өнеркәсібіне тартылған. 20 өңірдің 13-і межелі міндетті асыра орындады, оның ішінде Маңғыстау, Ақмола, Қызылорда, Түркістан, Қарағанды облыстары, Шымкент қаласы және басқа да өңірлер бар.

Премьер-Министр жыл соңына дейін негізгі капиталға ең кемі 18,5 трлн теңге инвестиция тарту қажеттігін атап өтті. Алайда 8 айдың қорытындысына сәйкес жылдық жоспар небәрі 52%-ға орындалған. Осыған байланысты жоспарды орындау үшін кейбір өңірлер мен мемлекеттік органдар өткен айларға қарағанда өте ауқымды көлемде инвестиция тартуы қажет. Үкімет басшысы негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша ең төмен көрсеткіш тіркелген, яғни есепті кезеңде белгіленген жоспардың небәрі 54%-ын орындаған Ұлытау облысын мысал ретінде келтірді.

– Бізге жоспардың келесі жылы емес, биыл орындалғаны қажет. Егер инвестициялар биыл тартылатын болса, онда біз нәтижесін келесі жылы көреміз. Ал мәселе келер жылы шешілсе, жоба тек 2 жылдан кейін ғана нәтиже береді. Оны күтіп отыратын уақыт жоқ. Нәтижені халық қазір көруі тиіс. Жұмыс орындары қазір керек, – деп сынға алды Премьер-министр.

2 БЕТТЕ

ӘКІМ ЕСЕП БЕРДІ, ЕЛ НЕ ДЕДІ?

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменовтің халықпен есепті кездесуі Тасбөгет кентінен бастау алды.

2 БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУДЫ КӨЗДЕЙДІ

Экономикалық ахуалды арттырудың бір тетігі боп саналатын кәсіпкерлікті дамытуға елімізде басымдық берілген. Бұл тұрғыда шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсетіліп, жаңадан кәсіп ашқысы келетін азаматтарға жеңілдетілген несие, тың жобаларды жүзеге асыруға қайтарымсыз қаржы беру қарастырылған.

Осы кезге дейін елдегі кәсіпкерлік саласын дамыту үшін түрлі мемлекеттік бағдарламалар әзірленіп, нақты жоспар бойынша жұмыс жүргізілді. Мемлекеттің қолдауымен өз ісін ашқандар да, кәсібін өрге домалатқандар да болды. Мұндағы басты мақсат – саланы дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру, экономиканы оңтайландыру. Кәсіпкерлікті қолдау шарасы әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бүгінде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба жүргізілуде.

3 БЕТТЕ

АЛТЫН ОРАҚ– 2023

Қарауылтөбеде күрішке орақ түсті

Сыр салысымен даңқы шыққан аймақта күріш өсіру мен баптау биылғы жылы да оң нәтижесін көрсетті. Қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылдық округінде күрішке орақ түсті. Оған Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов қатысты.

Айта кетейік, Қызылорда қаласы бойынша биыл барлығы 9079 гектар егін егілді.

Оның ішінде негізгі дақылы күріш – 4136, бидай – 119, қант құмайы – 75, көкөніс – 1331, картоп 500, бақша өнімі – 990, жаңа жоңышқа – 249 гектарға егілсе, ескі жоңышқа 1679 гектарды құрады. Егілген 119 гектар бидайдан 107,1 тонна өнім жиналып, орта өнім 9 центнерден келді. Шаруашылық құрылымдары бойынша 1928 гектар жоңышқадан 6772 тонна шөп жиналды. Қазіргі таңда картоп, көкөніс, бақша дақылдары жиналуда.

Қарауылтөбе ауылдық округіндегі аумаққа Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш ғылыми зерттеу институты 1051 гектар егін еккен. Оның 821 гектары күріш, 191 гектары мал азықтық дақылдар, 35 гектары қант құмайы. Жаңа сорт қатарында «Айсара», «Маршал», «Рапан» бар. Диқандар күріштің әр гектарынан 55 центнерден өнім алуды жоспарлап отыр.

Күрішке орақ түсу рәсімінде ауыл ақсақалдары батасын беріп, ағілікті іске сәттілік тіледі.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

СЫР ӨНІМІ АСТАНА ТӨРІНДЕ

Жуырда Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында Қазақ ұлттық өнер университеті алдындағы алаңда Сыр елінінің жәрмеңкесі өтті. Нақтырақ айтсақ, Сыр өңіріндегі тауарөндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкенің басты мақсаты – отандық өнімді қолдау ретінде аймақтағы өндірілетін арнайы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесін көрсету.

4 БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДА АЛҒАШҚЫ ҮШТІКТЕ

Ол кейбір инфрақұрылымдық аяқталмауына байланысты жалпы құны 11 млрд теңге болатын қара мыс концентраттарын гидрометаллургиялық өңдеу зауытын іске қосу кешіктіріліп жатқанын айтты. Бұл өз кезегінде аймақтың экономикалық дамуына кедергі келтіріп отыр.

– Бұл мәселе осыдан 2-3 жыл бұрын белгілі болды. Берік Әбдіғалиұлы (Ұлытау облысының әкімі), бұл басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жатса да сіздің тарапыңыздан тиісті үйлестіру жұмыстары жүргізілуі керек еді. Инвестициялық штабтың әрбір отырысында инвестициялар тарту жұмыстарын күшейту туралы айтып келеміз. Алайда жұмыс қарқыны өте баяу. Жоспарланған жобаларды іске асыру бойынша нақты нәтиже жоқ. Сіздің тарапыңыздан белсенді іс-қимыл көрінбейді. Жұмысқа деген көзқарасыңызды дұрыстаңыз, адамдарды нақты проблемаларды шешуге ұйымдастырыңыз, – деді Премьер-министр.

– Сіз мәселенің тігісін жатқызып, әдемі баяндайды екенсіз, бірақ фактілер мен сандар басқаша «сөйлеп» тұр. Сіздің мәлімдеуіңізше инвестициялар бойынша нақты көлем индексі 100,1%-ды құрайды, ал, іс жүзінде өткен жылдың деңгейінде тұр. Бұл әлі күнге алға жылжу жоқтығын білдіреді, яғни өткен жылмен салыстырғанда өсім жоқ. Жұмысты күшейтіңіз. Сіздерде бірқатар инвестициялық жобалар тоқтап тұр. Оларды іске асыруды жеделдетіп, пайдалануға беріңіздер. Келесі жылды күтпей, биыл нәтиже көрсетуіміз керек, – деді Әлихан Смайылов.

Мұнан соң Инвестициялық штаб отырысында бірқатар ірі инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы қаралды. Олардың қатарында Алматы облысындағы тамақ өнімдерін шығаратын зауыт, Астанадағы 4 мың орындық халықаралық мектеп және биотехнологиялық препараттар шығаратын кәсіпорын бар. Премьер-Министр осы маңызды жобалардың әрқайсысы бойынша келісу рәсімдері мен басқа да өзекті мәселелерді шешу кешіктіріліп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, министрліктер мен әкімдіктер шетелдік инвесторлардың мәселелерін шешуге жеткілікті көңіл бөлмей отыр.

– Жаңа жұмыс орындарын ашуға және азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға қатысты инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселесін ретке келтіру керек, — деді Үкімет басшысы.

Жиын соңында Үкімет басшысы СІМ-нің Қазақстанға ірі инвесторларды тартудағы үйлестіруші рөлін күшейтуді, Kazakh Invest ұлттық компаниясы мен республиканың шет елдегі мекемелерінің жұмысын жандандыруды, сондай-ақ министрліктер мен әкімдіктер деңгейінде қажетті шешімдерді жедел қабылдауды талап етті.

Исполнение целевых показателей ИОК по МИО январь-август 2023 г. (млрд.тенге)

ИОК 25,1% к ВВП в 2026 году	Целевой объем на 2023 год	План на 8 мес. 2023 года	Факт на 8 мес. 2023 года	Исполнение плана за 8 мес. 2023 года	Исполнение годового плана	ИФО
Мангистауская	897,9	488,0	657,8	134,8%	73,3%	153,5%
Акмолинская	717,8	350,0	443,1	126,6%	61,7%	127,6%
Кызылординская	424,2	210,0	258,8	123,3%	61,0%	127,0%
г. Шымкент	721,7	300,0	364,9	121,6%	50,6%	126,5%
Туркестанская	908,2	417,3	467,9	112,1%	51,5%	133,7%
Карагандинская	918,9	407,3	451,0	110,7%	49,1%	116,9%
Актюбинская	1 145,2	517,3	567,6	109,7%	49,6%	107,1%
г. Астана	1 753,1	739,1	784,6	106,2%	44,8%	103,3%
ЗКО	575,2	341,0	361,0	105,9%	62,8%	123,8%
Павлодарская	851,1	490,2	514,4	104,9%	60,4%	131,3%
Абай	609,7	282,8	295,9	104,6%	48,5%	145,0%
Жетісу	328,0	151,5	156,1	103,1%	47,6%	111,7%
СКО	496,5	219,0	224,5	102,5%	45,2%	107,6%
Жамбылская	572,2	292,0	268,1	91,8%	46,8%	108,0%
ВКО	717,1	365,1	331,0	90,7%	46,2%	106,3%
Атырауская	3300,7	2058,6	1840,2	89,4%	55,8%	96,1%
Алматинская	850,4	480,0	392,3	81,7%	46,1%	117,6%
Костанайская	602,6	364,6	296,8	81,4%	49,3%	112,0%
г. Алматы	1 848,6	1 092,8	876,9	80,2%	47,4%	100,1%
Ұлытау	286,5	179,0	96,8	54,1%	33,8%	105,9%
Итого	**18 525,6**	**9 745,5**	**9 649,7**	**99,0%**	**52,1%**	**112,2%**

Оның айтуынша, Алматыда да бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру тоқтап қалған. Жалпы биыл жоспар орындалмай, қаланың нақты экономикасына 200 млрд теңгеден астам қаржы салынбаған. Аталған мәселе бойынша қала әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров баяндама жасады, алайда ұсынылған ақпарат Үкімет басшысын қанағаттандырмады.

Басы 1-бетте

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫ ЖАНДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Қызылорда облысы 8 айдың қорытындысымен инвестиция тарту бойынша республикада 3-ші орында. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратты негізге алсақ, аймақта өткен жылы да бұл көрсеткіш жоспардағыдан артық орындалған болатын.

2022 жылы жоспар 373 млрд теңге болса, 409 млрд теңге инвестиция тартылып, 109%-ға артығымен орындалды. Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жолдауда көрсетілген міндеттерді орындау бойынша арнайы мәжіліс өткізді.

– Өздеріңізге мәлім, өткен жылы аймаққа 413 млрд теңге инвестиция тартылды. Биылға 472 млрд теңге инвестиция тарту межеленді, қала және аудан әкімдіктерінің жоспары бекітілді. Биылғы 8 айдың қорытындысымен өңірге 258,8 млрд теңге инвестиция құйылған. Жоспар 61%-ға орындалды. Арал, Қазалы, Жалағаш және Жаңақорған аудандарында жоспардың орындалу деңгейі 50%-дан төмен. Ал Қызылорда қаласы, Шиелі, Сырдария және Қармақшы аудандарында жоспардың орындалуы 50%-дан асқан. Инвестиция тартуда жақсы нәтижеге жеткен аудандар тәжірибесі ескерілуі керек. Тағы бір маңызды мәселе, аудандарға инвестиция тарту межесін жасағанда халық санын, мүмкіндіктерін есепке алғаны жөн. Құрметті әріптестер, жыл аяқталуына 4 айдан аз уақыт қалды. Қала және аудан әкімдіктеріне инвестиция тарту бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажет. Жыл соңына дейін бекітілген индикатордың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Жиында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мәдениет және спорт, білім, денсаулық сақтау басқармаларына өздеріне қарасты нысандарды сүйемелдеу, жеке инвестициялардың тартылуын бақылауға алу міндеті жүктелді. Барлық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бюджет қаражаты есебінен салынған нысандарға бөлінген қаражатты толығымен игеру керектігі ескертілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Жалпыұлттық жобалар пулы аясында биыл Сыр өңірінде құны 14,3 млрд теңгені құрайтын 13 жобаның іске қосылуы жоспарланған. Бірақ қазір бұл жобалардың 3-і ғана іске қосылған. Осы ретте Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы әр жобаның мәселесін қолданыстағы заңнама аясында шешуі керек. Ал іске асырылу сатысындағы жобаны «қолмен басқаруға» алу міндеттелді. Басталған істі аяғына дейін жеткізіп, түйткілдерін шешу және сүйемелдеу тұрақты жүргізілуі тиіс.

А.АҚЫЛБЕК

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРУДА

Биыл Қызылордада ауқымды жұмыстар жүзеге асып жатыр. Соның қатарында электр желісі мен қосалқы станцияны жаңарту да бар.

Тозығы жеткен желілер жел тұрса үзіліп, тұрғындар қапелімде жарықсыз қалатын кездер де болды. Оның үстіне Қызылорданың желі қатты болып шатырды ұшырып, жарық бағаналарын қиратып та кетті. Тіпті қалаға қарасты елді мекендерде жарықтың әлсіздігінен электрге жалғанған тұрмыстық техникалар істен шыққанын да тұрғындар әлеуметтік желіге салып, әбігерге түсетін. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін биыл тозығы жеткен электр желілерін ауыстыру үшін республикалық бюджеттен 1 жарым млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп, оған 136,2 шақырымды құрайтын жаңа электр желілері тартылды.

Электр желілеріне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмысы Қызылжарма, Тасбөгет және орталық аудандағы электр тораптарында жүргізілген.

Бүгінде «Қызылорда қаласындағы 10/0,4кВ электр желілерін қайта жаңғырту» бағдарламасы бойынша 10кВ 21 шақырым мен 0,4кВ 10 шақырым кабель желісі ауыстырылуда.

Бұдан бөлек, Шұғыла, Арай, Сәулет, Әл-Фараби, КБИ мөлтек аудандары мен Қызылжарма ауылдық округінде 35 дана заманауи қосалқы станция орнатылып, іске қосылды. Сонымен қатар ДЭУ, Универсам, Южный, Ақмешіт, Ипподром, Шанхай шағын аудандары мен Гагарин, Титов қыстақтарында 10/0,4кВ кірпіштен қаланған 25 дана қосалқы станцияға күрделі жөндеу жүргізілген. Енді аталған аймақтарда тұрғындар үшін қолайсыз жағдай туындамайды дейді сала мамандары.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Басқосуда қала әкімі алдымен атқарылған жұмыстарға тоқталды. Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны айтылып, келешекте атқарылатын жұмыстар айқындалды.

– Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының қолдауымен облыс орталығына ауқымды инвестициялар тартылып, тіректі салаларда серпінді қадамдар жасалуда. Биылғы жылы қалада тың бастамалар қолға алынып, жарқын жобалар сәтті жүзеге асуда.

Жалпы жыл басында қала бюджеті 52,3 млрд теңгемен бекітілген еді, бүгінде оның көлемі 91,4 млрд теңгеге жетті, яғни 175 процентке артты.

Ал облыс орталығының тұрғын үй құрылысын дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға бюджеттің барлық деңгейлерінен 101 млрд теңге бөлінді, – деді қала басшысы.

Қала іргесіндегі Тасбөгет кентінде тындырымды тірліктің аз емес екенін жергілікті тұрғындардың пікірінен білдік.

Десе де кентте соңғы уақытта тың жобамен атқарылған жұмыстарды қала әкімі саралап айтып берді.

– Тасбөгет кентінде облыстық және қалалық бюджет есебінен 1 млрд 811,2 млн теңгенің жұмыстары атқарылуда.

Кентте 41 көшеге жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 731,6 млн теңге қаржы қаралып, құрылыс жұмысы жүргізілуде.

С.Сейфуллин, Ә.Сапарбаев көшелеріне асфальт төселді, 14 көшенің белгіленген бөліктеріне қиыршық тас төселді, 7 көшеге малта тас төсеу және Сабалақ саяжайындағы 18 көшеге орташа жөндеу және малтас тас төсеу жұмысы жүргізілуде.

Жеке кәсіпкердің өз қаражаты есебінен 4 млрд теңгеге 5 қабатты 338 пәтерлі 4 тұрғын үй құрылысы басталды. Орталық саябақ аумағында жалпы құны 100 млн теңгені құрайтын Биометриялық зертхана құрылысы жүргізілуде.

Демеушілік көздері есебінен орталық саябақ маңынан «Құддыс Ишан» мешіті ғимаратының құрылысы салынуда.

Облыстық бюджеттен бөлінген 542,1 млн теңгеге кент аумағынан жаңадан денешынықтырусауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілуде, – деді қала әкімі.

Басы 1-бетте

Қала әкімі кент тұрғындарының өзекті деген мәселелеріне ден қойды. Тұрғындар еркін форматта әкіммен диалог алаңын жүргізді. Айта кетсек, жергілікті халықтың мәселесі кент орталығындағы №11 мектептен №172 мектептке дейін жаяу жүргіншілер жолы салынса, жолаушылар көлігі тоқтайтын

жерлерге аялдама қойылса деген тілектерін жеткізді. Сондай-ақ халқы бір аудан көлеміндей кентке бірінші кезекте емхана салу маңызды екенін, балалар ойын алаңы жанына бейнебақылау орнатылса, Ойын алаңы жанынан өтетін жеңіл көліктер жылдамдығын азайтса дейді кент тұрғындары. Жергілікті тұрғындардың мәселесі назарға алынып, олардың ұсыныстары құзырлы орын басшыларымен шешімін табатын болды.

Мұнан соң қала әкімінің сапары Белкөл кентінде жалғасты. Белкөл кентінде де өркенді істер өріс алуда. Бұл елді мекенде жасалған тындырымды іс – теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі салынып, пайдалануға берілді. Кенттегі 6 көшеге қиыршық тас төселіп, 2 көше күрделі жөндеуден өтті. Жаяу жүргінші жолы да жаңаланып, Бірқазандағы орталық көшеге асфальт төселді.

Келер жылы атқарылатын жұмыстар да сараланды. Құны 200,8 млн теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырылмақ. Атап айтсақ, кенттегі Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне электр желісі жүргізіліп, Бірқазан елді мекеніндегі орталық көшеге, Бірлік және Путейцева, Әбдіқадыров №4, №6 көшелеріне түнгі жарық шамын орнату жоспарланып отырғандығы айтылды.

Қала әкімімен кездесуде кент тұрғындары Дариха Бегалиева, Мұхамеджан Аблаев кент шетіндегі көшелерге жарық бағанасын орнатуды сұрады. Мұнан бөлек, кент клубының орнына жаңа ғимарат қажет екендігін жеткізді. Сондай-ақ көпқабатты үй тұрғындары ғимараттың сыртын жөндеу назарға алынса деді. Қала әкімі өз кезегінде барлық ұсыныстарға қатысты нақты шешімдер қабылданатынын жеткізді.

Қала әкімінің тұрғындармен кездесуі одан әрі Қосшыңырау ауылдық округінде жалғасты.

Ауылдық округте құрылыс жұмысы қарқынды жүруде. Бастысы, тұрғындар Абай, Досан елдімекендеріне 662,7млн теңгеге газ құбыры тартылып, қыс мезгілінде от жағу мәселесі шешімін табатынын қуанышпен қабылдауда.

Бүгінде Қосшыңырау ауылдық округінде республикалық және облыстық бюджет есебінен 1 млрд 168,1 млн теңгенің жұмыстары атқарылуда. Ауылдық округтегі 16 көшеге жөндеу жұмысын жүргізуге республикалық және облыстық бюджеттен 195,5 млн теңге қаралған.

Досан ауылындағы Елеусінов көшесіне тротуар салуға республикалық бюджеттен 42 млн теңге бөлініп, құрылысы жүргізілуде. Абаттандыруға республикалық бюджеттен бөлінген 79,1 млн теңгеге ауылға кіре беріс жол бойына жарық бағанасын орналастыруда.

Досан ауылының 12 көшесіне жарықтандыру жұмысын жүргізуге республикалық бюджеттен 93,3 млн теңге қаралып, құрылыс жұмысы жасалуда.

Бұдан бөлек Досан елді мекеніне медициналық бекет құрылысын салуға республикалық бюджеттен 41,2 млн теңге бөлініп, құрылыс басталды.

2024 жылы 573,6 млн теңгені құрайтын жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. Досан елді мекенінің №2, №12, №7 көшелеріне тас төсеуге, Абай ауылына спорт алаңын салуға, Досан ауылының жаңадан қоныстанған аумағына электр бағанасын орнату жұмысы қолға алынуда.

Кездесуде қала әкімі тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, мәселелер оң шешімін табатындығын жеткізді.

Қала әкімінің тұрғындармен кездесуі Қарауылтөбе ауылдық округінде жалғасты. Бұл кездесуде шаһар басшысы ауылдың даму бағытына қысқаша тоқталып, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Биыл республикалық бюджеттен бөлінген 1 млрд 204,4 млн теңгеге толымды тірліктер жасалды. Жылда тұрғындар тарапынан ескерту алатын бірқатар аумақ абаттандырылды. Санитарлық тазалыққа ден қойылып, түнгі жарықтандыру жұмысы жанданған. Ауылдың жаңа қоныс аумағындағы 1,3,5-ші және А.Иманов пен А.Құнанбаев көшелеріне жарық бағанасы орнатылған. Республикалық бюджеттен бөлінген 285,1 млн теңгеге 12 көшеге қиыршық тас төселген. Бірнеше көше орташа жөндеуден өткен. Жаяу жүргіншілер жолы да салынып, жаңадан қоныстанушы аумаққа жаңа спорт алаңын жүргізу жоспарға енгізілген.

«Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында 274,4 млн теңгеге салынған 150 орындық клуб пайдалануға берілмек.

Келер жылы 480 млн теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырылмақ. Округтегі жаңадан қоныстанушы аумақтағы 9 шақырымды құрайтын 12 көшеге жаяу жүргіншілер жолының құрылысын жүргізуге, спорт алаңын салуға қомақты қаржы қаралмақ.

Кездесуде тұрғындар қала әкіміне өздерін толғандырып жүрген сауалдарын жолдады. Шаһар басшысы Асылбек Шәменов әрбір мәселе жіті зерттеліп, оның шешілу жолдары қарастырылатындығын жеткізді.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУДЫ КӨЗДЕЙДІ

Экономикалық ахуалды арттырудың бір тетігі боп саналатын кәсіпкерлікті дамытуға елімізде басымдық берілген. Бұл тұрғыда шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсетіліп, жаңадан кәсіп ашқысы келетін азаматтарға жеңілдетілген несие, тың жобаларды жүзеге асыруға қайтарымсыз қаржы беру қарастырылған.

Осы кезге дейін елдегі кәсіпкерлік саласын дамыту үшін түрлі мемлекеттік бағдарламалар әзірленіп, нақты жоспар бойынша жұмыс жүргізілді. Мемлекеттің қолдауымен өз ісін ашқандар да, кәсібін өрге домалатқандар да болды. Мұндағы басты мақсат – саланы дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру, экономиканы оңтайландыру. Кәсіпкерлікті қолдау шарасы әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бүгінде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба жүргізілуде.

Жалпы қолдау шарасы қолға алынғаннан бастап елдегі жұмыссыздық деңгейі азайып, кәсібін ашып халықты тұрақты жұмыспен қамту көрсеткіші артқан. Алайда кәсіпкерлікті тек сауда-саттықпен шектемей өндіріс саласын өркендету мақсаты тұр.

«ҚазАқпарат» ақпарат агенттігінде жарияланған мәліметке сүйенсек, 1 тамыздағы жағдай бойынша елімізде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға 444,2 мың адам қатысқан. Оның ішінде 300,6 мың адам жұмыспен қамтылса, 152,2 мыңы тұрақты жұмысқа орналасқан. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, субсидияланатын жұмыс орындарына 148,4 мың адам орналастырылған. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарымен 15,5 мың адам, жастар практикасымен 12 мың адам, қоғамдық жұмыспен 103,2 мың адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 5,4 мың адам, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасымен 199 адам, «Күміс жас» жобасымен 12,1 мың адам жұмыспен қамтылған. Сондай-ақ Еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар бойынша 31,5 мыңы жұмыссыз онлайн оқытумен қамтылып, 28,7 мыңы оқуды аяқтаған. Бұдан бөлек «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 102,9 мың адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, 77,4 мыңы оқуды аяқтағаны жөнінде сертификат берілген.

Биыл ұлттық жоба шеңберінде 400 АЕК (1380000 теңге) мөлшерінде жаңа бизнес бастамаларды іске асыру үшін 9 мың грант беру көзделген. Жыл басынан бері 5317 грант иесін тапқан.

Кәсіпкерлік саласы қанат жайып келе жатқан өңірімізде ұлттық жобаның жүзеге асыру еңбек мобильділігін қамтамасыз ету мақсатында қайта құрылған «Мансап» орталығы арқылы жүзеге асырылуда.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» қысқа мерзімді кәсіптік оқу, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант беру, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, оның ішінде қоғамдық жұмыс орны, әлеуметтік жұмыс орны, «Күміс жас» жобасы, жастар практикасы, алғашқы жұмыс орны және ұрпақтар сабақтастығы сынды бірнеше санаттан тұрады. Орталық мамандарының айтуынша, жобаны жүзеге асыруда әр санат бойынша нақты белгіленген жоспар бар. Соның аясында жұмыс жүргізіледі.

Ұлттық жобаның жеке ісін ашқысы келетін қарапайым азаматтарға берері мол. Тың идеясы бар, өңірдегі кәсіпкерлік салаға өзгеше леп әкелгісі келетін үміткерлер де жоқ емес. Түрлі мақсатта кәсібін бастағысы келетін азаматтардың көбінде қаржы мәселесі қолбайлау. Ал мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тұсы осы. Жаңадан кәсіп бастау үшін грант иегері атанып, мақсатыңды іске асыруға болады.

Жоба бойынша негізгі бағыттың бірі – жаңа бизнес идеяларды іске асыру. Бұл мақсатта биыл 460 қызылордалыққа мемлекеттік грант беру жоспарланған. Аталған бағытта атаулы көмек алатын аз қамтылған отбасы мүшелері, көпбалалы отбасылар, қандастар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар мен мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдар және мүгедектігі бар тұлғалар бағын сынай алады. Мансап орталығы берген мәліметке сүйенсек, бүгінде 189 адамға грант берілген. Оның 94-і бірінші лектің жеңімпазы болса, 95 адам екінші лекте мемлекеттік грант иегері атанған.

Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында қолға алынған ұлттық жобаның тағы бір тармағы – жұмыспен қамту шаралары. Оның ішінде қоғамдық, әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыру міндеттелген. Бұл ретте жоспар бойынша қоғамдық жұмыс орнына жолдама алуы тиіс 2861 адам деп белгіленген. Ал жыл басынан бері 2972 адамды, оның ішінде 983 жасты жұмыспен қамту үшін 531 мекемемен келісім-шарт жасалған. Қазіргі таңда жұмыспен жолдама алған азаматтардың 190-ы тұрақты жұмысқа орналасқан.

Әлеуметтік жұмыс орындарына 189 адамға жолдама беру жоспарланған. Мұны жүзеге асыру үшін 98 мекемемен келісім-шарт жасалған. Нәтижесінде 30 адам тұрақты жұмысқа орналасуға мүмкіндік алған.

Халықты тұрақты жұмыспен қамту шарасында оқу орнын енді бітірген маманнан бастап, зейнет жасына жетпеген, бірақ жұмыссыз қалған азаматтар да ескерілген. Мәселен, «Күміс жас» жобасында зейнет жасына 2 жыл қалған жұмыссыз азаматтар қамтылады. Бұл жобамен жұмыспен қамтылғандардың жалақысының жартысын мемлекет төлейді. Алайда бұл тек 1 жыл көлемінде ғана жүзеге асырылады. Әрі қарай зейнетке шыққанша жұмыспен қамту жұмыс берушіге жүктелген. Бүгінде аталған жобамен 663 мекемеге 756 адам жолданған. Оның 135-і жұмысын аяқтаса, 38 адам тұрақты жұмыс істеуде.

Бұрыннан келе жатқан жұмыспен қамту шарасының бірі – жастар практикасы. Бұл бағытта мамандар биыл 980 адамға жолдама беру жоспарланғанын айтады. Оқуды енді бітірген жастарға берілген мүмкіндікті биыл 872 жас қолданған екен. Олардың 100-і жұмысты мерзімінен бұрын аяқтаса, 34-і тұрақты жұмысқа орналасқан.

Ұлттық жобаның тағы бір бағыты – алғашқы жұмыс орнына орналастыру. Бұрын-соңды жұмыс істемеген жандар үшін бұл да игілікті шара. Оған биыл 50 адам қатысуы қажет. Алайда 37 мекемемен жасалған келісім-шарт аясында 45 адамға жолдама берілген. Қазір оның 1-еуі тұрақты жұмысқа орналасқан.

Орталық мамандары жоспар толық орындалды деп көрсеткен бағыттың бірі – ұрпақтар сабақтастығы. Бұл жобамен 4 адамға жолдама беру жоспарланып, ол толық жүзеге асырылған.

Қала бойынша 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында атқарылған жұмыстардың реті осындай. Жобаның әр бағытында түрлі мүмкіндік қарастырылған. Ал оны тиімді пайдалана білу жұмыс іздеген, кәсіп ашқысы келген жанның өз қолында.

Басы 1-бетте

А.ӘЛІМ

Қазір мемлекеттің экономикасын алға қарай дамытып отырған саланың бірі кәсіпкерлік екені жасырын емес. Себебі қандай да бір адам өз ісін ашып, кәсіпкер атанып жатса ол біріншіден, мемлекетке салық төлейді, екіншіден, бірнеше адамды жұмыспен қамтиды. Бұл дегенің тағы бір қырынан қарағанда жұмыссыздық мәселесін азайтудың ең тиімді жолы десе де болғандай.

ЖАСТАРҒА КӨРСЕТІЛГЕН ҚОЛДАУ

Сыр өңірінде де шағын және орта бизнесті қолдау, кәсіпкерлікті дамыту мақсатында атқарылған іс аз емес. Соның бірі ретінде жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатында берілетін 2,5 пайыздық несиені айтуға болады. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, Мемлекет басшысының жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5 пайыздық жеңілдікпен несие беру туралы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында тиісті салалық министрлікпен несиелік шарт жасалған. Соның арқасында Сыр өңіріне 1 млрд 285 млн теңге тартылып, 256 жас кәсіпкер өз кәсібін бастауға мүмкіндік алып отыр.

Аймақта несиеге сұраныс жоғары болуына байланысты биылға республикадан қосымша 1 млрд теңге қаржы тартылды. Нәтижесінде жұмыспен қамтылған халық саны 331,6 мыңнан 333,4 мыңға дейін артып, жұмыспен қамтуға бөлінген қаржы 3,7 есеге (4,1 млрд теңгеден 15,2 млрд теңгеге) өсті. Облыс бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз деңгейінде тұрақтап, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4 пайыздан 3,5 пайызға дейін төмендеді.

Шағын және орта кәсіпкерлік – елдегі жұмыссыздықты азайтудың, саланың елді мекендерде кең қанат жаюының, жеке тұлғалардың күнкөріс деңгейін арттырып, табысын молайтудың бірден-бір жолы. Мұнымен қоса, дамушы мемлекет үшін кәсіпкерлікті өрістету өркениетті елдермен иық тіресуге де мүмкіндік беретін сала. Сол себепті қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлік саласына көмек те, қолдау да аз емес. Біз сөз еткен 2,5 пайыздық несие – көп қолдаудың бірі ғана.

А.БЕК

СУДЫ ДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

Жалпы республика бойынша суды көп тұтынатын күріш дақылы Қызылорда облысында егілетіндіктен, судың 40 пайыз шығынының үлесі бізде болып отыр. Су шығынының көп болуының тағы бір себебі, өңіріміздегі суармалы арналардың және гидротехникалық құрылымдардың тозығы әбден жетіп отыр. Жыл сайын арналарды тазартқанымызбен, 2-3 жылдан соң қайта топырақ басып қалып отыр.

Суды үнемдеу үшін бірінші кезекте су шаруашылығы нысандарының техникалық жағдайын жақсарту қажет. Сонымен қатар суды есептеуді цифрландыру арқылы су пайдаланушыларға беру керек, – деді Жорабек Нұрымбетов.

Одан бөлек Сырдария өзені трансшекаралық өзен болғандықтан облысымызға келетін су көлемі Нарын-Сырдария каскадында орналасқан су қоймаларындағы жинақталатын су көлеміне тікелей тәуелді. Жыл сайын вегетациялық кезеңде Елімізге келетін су көлемі мемлекет аралық су шаруашылығын үйлестіру комиссия отырысының хаттамасымен нақтыланады. Алайда өзге мемлекеттер тарапынан хаттамалық болжамды кесте орындалмай келеді. Нәтижесінде Түркістан және Қызылорда облыстары су тапшылығын көруде. Су тапшылығын болдырмау үшін тиісті министрлік тарапынан хаттамалық болжамды кестенің орындалуын қатаң бақылауда ұстау керектігін атады.

Аталған су мәселесінің тапшылығы жылдан-жылға сезілуде. Осыған сәйкес мамандар судың тапшылығын болдырмау мақсатында тазалаумен қатар құбырларды жаңарту бойынша тиісті жұмыстар атқаруда.

Биыл елді мекендегі 79,3 шақырымды құрайтын 10 су арнасына су шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 340,5 млн теңге қаржы қарастырылған. Ал 333 млн теңге қаражатқа 23 дана насос қондырғылары жеткізілген. Одан бөлек 26 арнаға жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленген. Оған 56,2 млн теңге қаржы бөлінген.

Сондай-ақ облыстағы суармалы жерлерді қалпына келтіру мен айналымға қосу бойынша 3 жоба әзірленген. Оған 161 млрд теңге қарастырылған.

Жобаның мақсаты – 158 мың гектар суармалы егістіктегі ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру мен қатар пайдаланылмай тұрған 29 мың гектар суармалы жерлерде суды үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы айналымға қосу.

Айта кетейік, суды үнемдеуге арналған технология баяу енгізілуде. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Жолдауында айтқан болатын. Осыған сәйкес «Сушар» өндірістік учаскесінің бастығы Жорабек Нұрымбетов суды үнемдейтін технологияны түсіндіріп, оның қандай тиімділігі бар екенін мәлім етті.

– Жаһандық су тапшылығы жағдайы жыл сайын күрделенуде. Суды үнемдеу мақсатында әр өңірде егілетін дақыл түріне қарай су үнемдеу технологиялары қажет. Мәселен, Қызылорда облысында күріш дақылы егілетіндіктен арналардың техникалық жағдайын жақсартып, цифрландыру керек.

2021 жылы Мемлекет басшысының қыркүйек айындағы Жолдауында республика бойынша 9 су қоймасын салу және 120 арнаны 2025 жылға дейін жаңғырту қажеттігі жөнінде тапсырма берді. Тапсырмаға сәйкес Қызылорда облысынан Қараөзек су қоймасын салу және 26 арна жаңғыртуға ұсынылды. Алайда бүгінгі күнге дейін су қоймасын салу жұмыстарының құжаттамалық жұмыстары аяқталмаса, 26 арнаны жаңғырту жұмыстары ешқандай республикалық жобаларда қарастырылмаған, – деді «Сушар» өндірістік учаскесінің бастығы.

Жалпы су шаруашылығының суды үнемдеуде атқарған жұмыстарын айтатын болсақ, биыл 20 тамыздан бастап шамамен 1,067 млрд теңге қаржы игерілген. Яғни облыстық коммуналдық меншікке 225 су шаруашылығы нысандары алынған. Бүгінде коммуналдық меншікке қабылданған су шаруашылығының нысандарын тазалау мен жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Ашып айтсақ, су жүйесінің 758218 метріне тамыз айында 38,3 млн теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде 858204 метрді құрайтын қашыртқы жүйелерінің жұмыстары 90,4% тазаланған. Сонымен қатар 12108 дана су құбырының құрылысы мен 151 дана бақылау ұңғымалары салынған. Атқарылған жұмыстар суармалы жерлердің 80 пайызын инженерлік жүйеге келтірген. Сондықтан өңірдегі ауыл шаруашылығының дамуына өз септігін тигізеді дейді мамандар.

Басы 1-бетте

Нәзира МҰҚАТАЕВА

СЫР ӨНІМІ АСТАНА ТӨРІНДЕ

Астана тұрғындарына 60-қа жуық Сыр диханы мен тауарөндірушілері, 50 жүк автокөлігімен жалпы құны 200 млн теңгені құрайтын 500 тоннаға жуық өнім ұсынылды. Яғни Сыр өңірінен 70-тен астам өнім түрлері ұсынылған. Соның бірі – 85 жылдық тарихы бар Қызылорда облысының брендіне айналған ақ күріші, балығы мен ас тұзы, қауын мен қарбызы, ұлттық сусындар.

– Қиыншылықта жүрген елдің қабырғасын көтеріп, жақсы көңіл-күй сыйлап, арзан бағада жәрмеңке өткізіп жатыр. Осындай жақсылықта бас қосып жәрмеңкеде жүргенге Алла тағала ізгі ниет етсін, – деді елорда тұрғыны.

Алғашқы күннен-ақ отандық өнімдердің басым бөлігі сатылды. Қатарынан екі күнге ұласқан жәрмеңкеге келуші адамдар да көп болды.

Нақтырақ айтсақ, Арал ауданынан елорда төріне 10 тонна ет және 30 тоннаға жуық балық өнімдері жеткізілді. Одан бөлек 30 тоннадай көкөніс пен жеміс-жидектер, 230 тонна бақша өнімдері мен 3 тонна ас тұзы және 10 тоннадай сүт өнімдерін әкелген. Сондай-ақ 5 тоннаға жуық сөк, талқан және кондитер өнімдері де ұсынылған.

Қазалы ауданының шаруалары 35 тоннаға жуық азық-түлік әкелді. Оның бірі 10 тонна балық пен шұжық өнімдері, 24 тонна қауын қарбыз және 2 тонна Қазалы кәмпиті, 2,5 т сүт пен 5 тонна ет өнімдері саудаға шығарылған.

Сырдария ауданының шаруалары 25 тонна күріш пен 30 тонна қауын әкеліп қана қоймай 200 литр қымыз бен шұбат және 5 тонна асқабақ әкелген.

Айта кетейік, жәрмеңкеде сатылған өнімдер төмен бағада ұсынылған.

Жәрмеңкеге облыстың 7 ауданы мен Қызылорда қаласы және «Байқоңыр» ӘКК» АҚ қатысты.

Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов Қызылорда облысының жәрмеңкесіне қатысты өз пікірін айтты.

– Жәрмеңкенің өтіп жатқанына екінші күн. Өнімдер біраз азайыпты. Соған қарағанда Қызылорда облысынан әкелінген өнімдер сапалы деп есептеймін. Себебі 500-ден астам тонна өнімнің 350 тоннасы сатылып кетті. Жәрмеңкені ұйымдастырушылар мен өнімді әкелген ауыл шаруашылықтарына алғысымды білдіремін, – деді депутат.

Одан бөлек елорда тұрғындарына ерекше көңіл күй сыйлау үшін арнайы концерттік шара ұйымдастырылған. Оған Сыр елінің өнерпаздары қатысқан.

Жәрмеңкеде сатылған өнімдер жоғары сұранысқа ие болған. Сондай-ақ елорда тұрғындары да өнімнің сапалы екенін айтып, дән риза болды.

Н.АЛТЫН

Биыл облыстың құрылғанына 85 жыл болса, Қызылорда қаласына 205 жыл толып отыр. Айтулы мерекелік даталарға орай қала күні бір ай көлемінде аталып өтіледі. Қызылордалықтардың қуанышын еселейтін қала күні жастар карнавалымен басталды. Осылайша Қызылорда көшелері жалынды жастар рухымен серпіліп, мерекенің ыстық лебімен шарпылды.

ҚАЛА КҮНІ ЖАСТАР КАРНАВАЛЫНАН БАСТАУ АЛДЫ

Темір жол вокзалы маңынан басталған жастардың думанды шеруі қаламыздың орталық көшелерін әнге бөлеп, «Достық» үйі ғимаратының алдына келіп тоқтады. Облыс орталығында орналасқан жоғары және арнаулы оқу ордаларынан 400-ге жуық студент қамтылған ерекше кешке арнайы қатысқан қала әкімі Асылбек Шәменов қызылордалықтарды облысымыздың 85 жылдығымен қатар келген төл мерекемен құттықтады.

– Жастар – қашанда қоғамның жаңа леп сыйлайтын қозғаушы күші, серпіліс қуаты. Сондықтан алдағы бір ай көлемінде өтетін шаралар да жоғары деңгейде, көңілді нотада түйінделеді деп сенемін, – деген шаһар басшысы қаламыздағы қарқынды жұмыстарды тілге тиек етті.

Жалпы Сыр елінің бас қаласында атқарылып жатқан жұмыстың барлығы бізге белгілі. Жыл басында қала бюджеті 52,3 млрд теңгемен бекітілген еді. Жүйелі жоспарлардың жемісі, бүгінде оның көлемі 91,4 млрд теңгеге жетті, яғни 175 процентке артты. Облыс орталығының тұрғын үй құрылысын дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға бюджеттің барлық деңгейлерінен 101 млрд теңге бөлінді. Қалада тұрғын үй құрылысын дамытуға қаржыландырудың барлық көздерінен қаралған 22 млрд 782 млн теңгеге 2 526 пәтерді құрайтын көпқабатты 42 тұрғын үй бой көтеруде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қалада «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында заманауи үлгідегі 8 мектеп салынады. Оның 5-еуінің құрылысы биыл басталады. Сол жағалаудан 400 орындық физика-математикалық мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Білім ошағы 300 орынға лайықталған жатақханамен қамтылады. «Бәйтерек» шағын ауданындағы 600 орындық мектептің құрылысы аяқталды. Жоспар бойынша білім ұясы қазан айында оқушыларды қабылдайды. Тасбөгет кентінде 100 орынға лайықталған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқын алды. Әлеуметтік нысан жыл соңына дейін ашылады. Дәл осындай ғимараттың құрылысы келер жылы Қызылжарма ауылынан да басталады деп күтілуде.

Сондай-ақ қала, оған қарасты кент және ауылдық округтердегі, шет аймақтардағы жалпы ұзындығы 225,4 шақырым болатын 278 көшеге орташа және күрделі жол жөндеу, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Оған қоса, 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолы да салынуда. Айта кету керек, жөнделетін жолдардың 80 пайызы ауылдар мен шет аймақтарға тиесілі.

«Бәйтерек» тұрғын ауданына «Қызылжарма» арнасы арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылыс жұмыстары аяқталып, алдағы айда пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек Ғ.Мұратбаев және А.Яссауи көшелерінің қиылысындағы темір жол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысы бекітілген кестеге сәйкес жүруде.

Тозығы жеткен электр желілерін ауыстыру мақсатында республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, 136,2 шақырымды құрайтын жаңа электр желілері тартылды. Ауа-райының қолайсыз уақытында электр қуаты ажырап қалмас үшін қаладағы және ауылдардағы, шет аймақтардағы электр желілері мен ескі қосалқы станциялар жаңартылды.

Дария жағасында орналасқан қалада бұдан да бөлек қаншама жұмыс бар. Соның бір дәлелі ретінде «Анаға тағзым», «Неке сарайы», «Өнер орталығы», «Қан орталығы» сынды іргетасы қаланған алып құрылыс нысандарын атап өтуге болады. Мұның қасына ел игілігі үшін салынып жатқан ондаған көпқабатты тұрғын үйлерді қосыңыз. Жыл соңына дейін «Анаға тағзым», «Неке сарайы» сынды ғимараттар ел игіліне беріледі деп жоспарлануда. Жылу электр станциясының да іргетасы қаланғанын көпшілік жақсы біледі. Бұған ондаған балалар спорттық ойын алаңын қосыңыз. Жаңа әуежай терминалы да салынып жатыр. Одан бөлек Қызылорда қаласындағы үйлердің қасбеттері заманауи үлгіде жаңғыртылуда. Қала ішіндегі жолдар жөнделіп, көркейту жұмыстары қарқын алды. Осыған қарап-ақ облыс орталығының алып құрылыс алаңына айналғанын аңғаруға болады.

Осындай мәліметтерді алға тартқан қала әкімі қызылордалықтарды төл мерекені жоғары деңгейде бірге атап өтуге шақырды.

Карнавалға қатысқан жастар көшелерде топпен жүруден бөлек, «Достық» үйі ғимараты алдында арнайы дайындалған тақырыптық қойылымдарын көрсетіп, қала тұрғындарына ерекше көңіл-күй сыйлады.

Дәстүрлі байқау нәтижесінде М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі бас жүлдені жеңіп алса, I орынды бірігіп өнер көрсеткен болашақ дәрігерлер Қызылорда медициналық жоғары колледжі, «Өркениет» медицина колледжі және «Авиценна» медицина колледжі иеленді. И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық колледжі мен Қызылорда экономикалық гуманитарлық колледжі II орынды өзара бөлісті. Жүлделі III орынға Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі, Абылайхан атындағы колледжі және М.Ықсанов атындағы политехникалық колледжі лайық деп танылды. Сондай-ақ үздік өнер көрсеткен Қызылордалық спортшылар мен С.Ысқақов атындағы колледжі арнайы аталымдармен марапатталды. Барлық жүлдегерлер мен жеңімпаздарға қаржылай сыйлықтар табысталды.

Айта кетейік, қала күні мерекесі бір ай көлемінде өткізіледі.

А.БЕК

«KITAP TIME – 2023»

Әбділдә Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында жалпы республикалық «KITAP TIME – 2023» фестивалі өткізілді.

Шараның мақсаты – кітапты насихаттау, мәдени құндылықты дәріптеу, өскелең ұрпақтың көркем әдебиетке деген құштарлығын ояту.

КІТАПҚҰМАРЛАР ЖИЫНЫ

Салтанатты жиында Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облыстық филиалының төрайымы Қаршыға Есімсейітова құттықтап, қалың оқырман қауым мен жиынға қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

Кітап сүйер қауымға осы күні қызыққа толы бағдарлама дайындалды. Фестивальда «Мәдениеттің мәйегі – кітап» атты кітап жәрмеңкесі ұйымдастырылып, онда «Кітап ал» дүкені өз кітаптарын сатуға ұсынды.

Сонымен қатар «Білімділер алаңы», «Шебер қолдар алаңы», «Ертегілер қалашығы», «Абай ауылында» деген тақырыпта таланттылар өз өнерлерін көрсетті. Ал тарихшы Жұмабай Байзақ музей қорындағы Абай Құнанбайұлының төте жазумен жазылған кітабын таныстырып, жас өнерпаздар сахналық қойылым қойды. «Таңғажайып кітаптар» көрмесіне қазақ, шетел әдебиетінен кітаптар

қойылды. Ақындар аллеясында «Менің жауһар жырларым» атты жергілікті ақын-жазушылармен поэзия кеші ұйымдастырылды. Оған жергілікті ақындар Қазына Өзденбаева, Ғазиза Әбділдә, Гауһар Қожахметова, Берік Алтынбекқызы қатысып, өздерінің өлеңдерін оқыды.

Әдемі безендірілген кафе стиліндегі «Библио-coffee» қонақтар үшін тақырыптық үстелдер қойып, оқуға мерзімді басылым мәзірін ұсынды. Әдеби сұрақтарға жауап берген қонақтарға тәтті кофелер берілді. Сонымен қатар bookcrossing, photozone ұйымдастырылды.

Кітап фестиваліне зиялы қауым өкілдері, жастар, кітапхана оқырмандары, жоғары оқу орны және колледж студенттері, мектеп оқушылары, жалпы 800-ге жуық қала тұрғындары қатысты.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3101 Тапсырыс №1474

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА